

Тапсырма №1.: “Пайдалы қазбалар қоры көп өндірілетін орындар” сәйкестендір

(топтарға пайдалы қазбалардың аталуы мен өндірілетін орындардың атауы жазылған қима қағаздар таратылады. Топаралық бағалау)

Дұрыс жауабы:

Тас көмір - Қарағанды, Екібастұз

Мұнай - Атырау, Ақтау

Газ - Ақтау, Орал облысы

Алюминий – Арқалық

Мыс кені – Жезқазған

Ас тұзы - Қызылорда, Павлодар, Алматы өңірінде

Темір кені - Қостанай өңірінде

Фосфорит - Ақтөбе, Тараз өңірлерінде

Тапсырма №2 “Мен білемін”

Иә – оң қолыңызды көтеріңіз

Жоқ – сол қолыңызды көтеріңіз

1.Әрбір адам күнделікті тұрмыста пайдалы қазбалардың сан алуан түрін кездестіреді.

(Иә)

2. Ас тұзын жердің терең қойнауынан алады.

(Жоқ. Ас тұзын тұзды көлдердің түбінен алады)

3. Үйдің іргетасын құюға бетон мен тас керек

(Иә)

4. Іргетастың үстіне кірпіш қаланады.
Кірпіштер бір - бірімен саз ерітіндісімен
байланыстырылады


(Жоқ. Кірпіштер цемент ерітіндісімен
байланыстырылады)

5. Металды жер қойнауынан өндірілетін көмірден айырып алады.

(Жоқ. Металлды жер қойнауынан өндірілетін кеннен айырып алады)

6. Жерден қазып алып, адам қажетіне жұмсалатын тау жыныстарын пайдалы қазбалар деп атайды.

(Иә)



Өндірістік экологиялық проблемалар



Тарау 6.2С Заттардың түзілуі және алынуы

Пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсері

Оқу мақсаты:

- 6.3.3.5. сыртқы ортаға пайдалы қазбалардың алынуының және өңделінуінің әсерін түсіндерді

Тапсырма:

Сыртқы ортаға пайдалы қазбалардың алынуының және өнделінуінің әсері туралы постер құрастыр.

Дескрипторлар:

- Экологиялық проблеманы тиісті кәсіпорынмен немесе кен орнымен байланыстырады
- Пайдалы қазбаны өндірілуі мен өнделінуінің гидросфераға әсерін анықтайды
- Пайдалы қазбаны өңдеудің топыраққа әсерін анықтайды
- Пайдалы қазбаны өңдеудің ауаға әсерін анықтайды

Кері байланыс

БІЛІМ ҚОРЖЫНЫ

Өте жақсы түсіндім,
мен үшін қызықты
болды

Мен сабақты
жақсы түсіндім

Такырып бойынша әлі де
ізденуім керек...



Үй жұмысы:

*Эссе: «Пайдалы қазбаны өндірудің
экологиялық және әлеуметтік зардабы»*